



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР

ҚАРАША 2025


2025 жылғы қарашада қысқа мерзімдегі инфляциялық күтулер 13,6% деңгейінде сақталды. Бұл – 2024 жылдың басынан бергі орташа көрсеткіш. Болашақтағы баға өсіміне қатысты белгісіздік әлі де сақталып отыр: респонденттер қазіргі қарқын сақталады деп те, одан әрі үдейді деп те болжап отыр. Бес жылдан кейінгі инфляцияға қатысты медианалық болжам 14,9%-ды құрады. Жалпы, бұл респонденттердің алдағы уақыттағы баға динамикасына қатысты алаңдауын көрсетеді.

Халықтың инфляциялық күтулері

2025 жылғы қарашада алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ өзгеріссіз қалып, 13,6% болды. Бұл – 2024 жылдың басынан бергі орташа көрсеткіш (1-график).

Бағаның бір жыл ішінде қалай өзгеретініне қатысты белгісіздік қарашада біршама бәсеңдегенімен, әлі де жоғары деңгейде тұр. Санмен бағалауға қиналған респонденттердің едәуір бөлігі сапалық сұраққа жауап бере отырып, бағаның қазіргі қарқыны сақталады немесе қымбатшылық одан әрі үдейді деп болжайтынын айтты.

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2-график. Респонденттерге сезілген (кейінгі 12 айдағы) инфляция мен нақты инфляция, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ

көрсетеді.


Кейінгі 12 айда сезілген инфляцияның медианалық мәні де өзгеріссіз қалып, 2025 жылғы қарашада 12,8% болды (2-график). Үш айлық тегістелген көрсеткіш – 12,4% (бұрын – 12,3%).

Бұған қоса, 2025 жылғы қарашада алдағы бес жылдағы инфляциялық күтулердің медианалық мәні 14,9%-ға дейін өсіп отыр (2025 жылғы қазанда – 14,3%). Өткен аймен салыстырғанда жауаптарда баға бес жыл ішінде бұдан да жоғары қарқынмен өсуі мүмкін деген болжам артқан. Бір жылдық инфляцияны сандық тұрғыда бағалауға қиналған респонденттердің едәуір бөлігі бес жылдық перспективада инфляция жоғары болады деп болжайды. Жалпы алғанда, бұл халықтың баға болашақта одан әрі өсуіне, әсіресе, қысқа мерзімдегі жоғары белгісіздікке байланысты алаңдап отырғанын

2025 жылғы қарашада азық-түлік бағасының айтарлықтай өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 82,5% болды (қазанда – 80,4%). Ал азық-түлік емес тауарлар бойынша бұл көрсеткіш – 8% (8,9%), ақылы қызметтер бойынша – 6,1% (7,4%).

2025 жылғы қарашада тұрғындар азық-түліктен ең көп қымбаттаған өнім ретінде – ет өнімдерін, жеміс-жидек, көкөніс, ірімшік пен шұжықты атады. Азық-түлік емес тауарлар ішінде халық дәрі-дәрмек, киім мен аяқкиім, тұрмыстық химия қымбаттағанын байқаған. Ақылы қызметтерден респонденттер ең алдымен коммуналдық қызметтер, медициналық қызметтер, интернет пен ұялы байланыс қызметтері бағасы өскенін айтты (3-график).

3-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

* Сұрақ 2018 жылғы наурыздан бері қойылып келеді. Салыстыра талдау жүргізу үшін орташа мән 2021 жылға дейінгі деректер негізінде есептелді, өйткені одан кейінгі кезеңдерде инфляция деңгейі айтарлықтай жоғары болды.

Халықтың тұтыну көңіл күйі


2025 жылғы қарашада тұтыну көңіл күйі индексі 101,7 деңгейінде қалыптасты (2025 жылғы қазан – 99,1) (4, 5, 6-графиктер). Күтулер құрылымында алдағы бір жыл ішінде елдің даму перспективасына берілген баға жақсарды, ал келесі бес жылға қатысты бағалау төмен болды.

Сонымен қатар, халықтың қазіргі жағдайды бағалауы бойынша қомақты қаражатқа сауда жасуға әзір болу көрсеткіші біршама өсті.

4-график. Тұтыну көңіл күйі индексі²


Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

5-график. Күтулерді бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

6-график. Қазіргі жағдайды бағалау



ЕСКЕРТПЕ

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.

² Тұтыну көңіл күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән – оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.